2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтерді бекіту туралы

Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 87/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" 2023 жылғы 30 маусымдағы №281 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32987 болып тіркелген) сәйкес, Сәтбаев қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сәтбаев қаласының әкімі *М.Бурибаев*

Сәтбаев қаласы әкімдігінің
2025 жылғы "30" 12 ____
№87/02 қаулысына қосымша

2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтер

№	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымның атауы	Үлгісі	Жағдай	Күніне 1 көрсетілетін қызметтерді алушыға тариф (теңгемен)
1	Жартылай стационарлық	Психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға	1) Орташажәнеауыр	9915,1
			2) Ауыр	9990,8
			3) Абсолютті	-
		Психоневрологиялық қауытқулары бар біржарымжастан он сегізжасқадейінгімү	1) Орташажәнеауыр	8826,0
			2) Ауыр	9356,1

		гедектігі бар балаларға	3) Абсолютті	-
2	"Сәтбаевқаласыбойынша үйдеарнаулыәлеуметтікқызметтеркөрсетубөлімі" ҚБ	Үйдеқызметкөрсету	Тірек-қимыл аппараты бұзылғанмүгедектігі бар балаларға	3176,5
			психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балаларға	
			Мүгедектігі бар азаматтаржәне карт адамдар	

Ескерту:
ҚБ–құрылымдық бөлімшесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК